

## Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 желтоқсан N 1544

Ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруда ғылымды көп қажет ететін технологияларды өнеркәсіптік игеруді тұрақтандыру және жинақталып қалған берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп:

Атом энергиясы институтының республикалық бюджет алдындағы қосылған құнға салынған салық жөніндегі 1000 мың (бір миллион) теңге сомасындағы, Жану проблемалары институтының қосылған құнға салынған салық жөніндегі 1300 мың (бір миллион үш жүз мың) теңге сомасындағы берешектеріне біржолғы есептеме жүргізсін;

аталған сомаларды республикалық бюджеттен ғылымды қаржыландыру есебіне Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы институты мен Жану проблемалары институтының алдындағы берешегін өтеуге есептесін;

берешекті есептеу аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі